

ӘОЖ 637.13

СҮТ ӨНДІРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН СҮТ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Ербаева А. С, Абылкалыкова Р.Б

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қаласы, Қазақстан

akmeri.erbaeva@mail.ru

Сүт – сапалы, қоректік қасиеті жоғары, адам өміріне қажетті барлық заттар мен витаминдері бар, бірақ тез бұзылатын өнім. Барлық жастағы адамдар үшін сүт пайдасының алатын орны ерекше.

Инновация – адамдардың қажеттілігіне сай жаңалық енгізу процесі.

Қазіргі кезде инновация барлық салаға керек болып тұр. Ғалымдардың көпшілігі инновацияны қоғам дамуының көзі ретінде қарап отыр. Инновация әлемге жаңа көзқарас пен жаңаша дамуды алып келіп отыр.

Сүт өндірісінің инновациялық құрылғылармен жабдықталуы даму деңгейін арттырады. Инновация жаңа өнім өндіруді, жаңа технологияны пайда болуы және оны практика жүзінде іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда сүт зауыттарының санын арттыру керек. Бұл сүт нарығындағы бәсекелестік қабілет пен сапаның едәуір артуын жақсартады. Елде сүт нарығы жарты жыл ішінде небәрі 0,85% - ға өскен, бұл кезде тұтыну өсімі жыл сайын орта есеппен 5,2% - ды құрайды екен, ал бұл еліміздегі сүт өндірісінің төмен деңгейін көрсетеді. Импорт пен экспорт арасындағы үлкен айырмашылық отандық тауар өндірушілердің көпшілігінде бәсекеге қабілетсіздігін көрсетеді, сондықтан өнімділікті көбейту үшін тауар өндірушілердің шығындарын субсидиялауды дайындау керек. Елімізде халықтың сүт тұтыну деңгейі медициналық нормада бекітілгеннен үш есе таз, соған байланысты сүт өндірісінің өсу деңгейі өте төмен деңгейді көрсетуде. Сүт шикізатына келетін болсақ, сүт өнімдері импортының жалпы көлемі елімізде шамамен алғанда 500 000 тоннаны құрайды. Қазақстандағы осы олқылықтың орнын толтыру сүт өндірісінде инновациялық құрылғылармен жабдықталған сүт өндеу зауытының жобасын таңдадық.

Зауытты Шығыс Қазақстан облысы, Табағатай ауданындағы, аудан орталығы Ақсуат ауылы маңында орналастыру жоспарлануда. Осы жерге орналастыра отырып, зауыт жобасын дамыту және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы елде сүт өнімдерінің импортын азайту көзделуде.

Зауытты орналастыру үшін Табағатай ауданын алған себебіміз, бұл аумақта ірі қара саны басқа аудандарға қарағанда көп, шикізат қоры жеткілікті. Сонымен қатар бұл ауданда сүт өнімдерін шамамен 70% - ын үй жағдайында дайындайды екен. Сол себепті осы аймаққа орналастыру тиімді болып отыр. Зауытты осы Шығыс Қазақстан облысына жобалаудың тағы бір үлкен себебі бар. Өскемен қаласындағы үлкенді кішілі дүкендерді аралап, сүт өнімдерінің ассортиментіне назар салдым. Дүкен сөрелерінде өзіміздің елімізден шыққан сүт өнімдеріне қарағанда, көршілес Ресейдің түрлі сүт өнімдерін байқадым. Әрине бұл өнімдердің құрамын қарау керек. Басым көпшілігінде табиғилық аз, түрлі концентраттар қосылған. Сол себепті осы аумақта зауыт салып, әрі кәсіпті дамытып, әрі елімізге табиғи шикізаттан жасалатын өнімдерді ұсынған тиімді деп есептеймін. Оның үстіне жаңа технологиялармен жабдықталған зауыттың қарқындылығы басым болады. Зауыт жаңа үлгідегі пастеризаторлар, сүт қабылдау машиналары, және сүзбеге, сүтқышқылды өнімдерге жабдықтар қойылады. Жаңа технологиялардың қарқындылығы бұрынғы үлгілеріне қарағанда өте жылдам. Зауытта сүт өнімдерінің бірнеше түрі жоспарлануда. Олар:

- Пастерленген сүт 2,5%
- Пастерленген сүт 3,2%

- Сүзбе 0%, 5%, 9%
- Сүтқышқылды өнімдер.

Қорытынды

Елімізде инновациялық жабдықтармен жабдықталған сүт зауыттарының санын арттыру керек. Бұл сүт саласындағы жетіспеушілікті азайтып, өнімділікті арттырып, жаңа бағытта сапалы өнім алуға мүмкіндік беретін таптырмас жол. Қазақстанда инновациялық жабдықтармен жабдықталған зауыттар санын көбейтіп, импортты азайтамыз. Сонымен қатар өз өнімдеріміздің дүкен сөрелерінен еркін көрінуіне мүмкіндік береміз. Менің жобам осындай мүмкіндіктердің бастамасы болып отыр. Атап айтқандай бұл жобаның артықшылықтары өте көп.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ефимова, А.А., Васильева, В.Т., Павлова, А.И., Матвеев, Н.А. (2013). Производство национальных кисломолочных продуктов из вторичного сырья. Достижения науки и техники АПК, 3, 76-77.
2. Мкртчян, М.Г. (2010). Территориальная дифференциация в производстве и потреблении молочной продукции: методические вопросы анализа. Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Социально-экономические науки, 10(1), 86–98.
3. Цугленок, О.М. (2010). Пейте, дети, молоко... Инновационное развитие в молочном производстве. Креативная экономика, 1, 130–132
4. Мкртчян, М.Г. (2010). Территориальная дифференциация в производстве и потреблении молочной продукции: методические вопросы анализа. Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Социально-экономические науки, 10(1), 86–98.
5. Смирнов, Е.Р. (2012). Мировой молочный рынок - 2010-2011 гг. Молочная промышленность, 2, 5–9.
6. Цугленок, О.М. (2010). Пейте, дети, молоко... Инновационное развитие в молочном производстве. Креативная экономика, 1, 130–132.
7. Чикина, Л.В. (2013). Надзор за качеством и безопасностью молока и молочных продуктов. Молочная промышленность, 1, 20–21.

УДК 620.178.1:539.533

ИССЛЕДОВАНИЕ СВОЙСТВ МНОГОЭЛЕМЕНТНОГО ЗАЩИТНОГО ПОКРЫТИЯ, ПОЛУЧЕННОГО МЕТОДОМ МАГНЕТРОННОГО НАПЫЛЕНИЯ

Жармагамбетова Г. А., Лауринас В.Ч.

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан,
m-gulzhan@bk.ru

Исследованы коэффициенты трения, микротвердость, износостойкость покрытия из высокоэнтропийного сплава CrNiTiFeCu, нанесенные методом магнетронного напыления в атмосфере аргона.

Полученные результаты свидетельствуют о высокой износостойкости и микротвердости тонких пленок (~5 мкм) данного многоэлементного композиционного сплава, что позволяет значительно увеличить срок эксплуатации деталей машин и механизмов.